

"1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апatty жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімді ұзарту мәселесі жөнінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 8 қантар N 7

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апatty жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімді ұзарту мәселесі жөнінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апatty жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімді ұзарту мәселесі жөнінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі арасындағы ноталар алмасу нысанындағы

келісімді бекіту туралы Қазақстан Республикасының Заны

1-бап. Алматы қаласында 2000 жылғы 1 және 5 желтоқсанда жасалған 1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апatty жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімді ұзарту мәселесі жөнінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Америка Құрама

Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісім бекітілсін.

2-бап. Осы заңның Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2000 жылғы 5 желтоқсандағы N 20/1169 нотасының тіркелген күнінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға кері күші бар.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының
арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық
ұшыру қондырғыларын, апatty жағдайлардың салдарын жоюға
және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Америка
Құрама Штаттары,

Қазақстан Республикасының аумағында тұрған, төменде КБР-дың шахталық ұшыру қондырғылары деп аталатын, континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын және стратегиялық шабуыл қаруларын жоюға байланысты басқа да қызметке жәрдемдесу ниетімен,

Қазақстан Республикасынан ядролық қарудың, сондай-ақ осындай қаруға қатысты технологияның, материалдар мен мағлұматтардың таралуына қарсы тексеруге болатын шараларды орнатуға жәрдемдесу ниетімен,

Қазақстан Республикасының 1968 жылғы 1 шілдедегі ядролық қаруды таратпау туралы Шартқа қосылуы міндетін атай отырып,
төмөндеғілер жайында келісті:

I - б а п

Тараптар ынтымақтасады және Америка Құрама Штаттары Қазақстан Республикасына ядролық қаруды жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге байланысты әр түрлі мақсаттарға жәрдемдеседі, сонымен бірге:

- а. КБР-дың шахталық ұшыру қондырғыларын жоюға;
- ә. Қазақстан Республикасынан ядролық қарудың, сондай-ақ осындай қаруға қатысты технологияның, материалдар мен мағлұматтардың таралуына қарсы тексеруге болатын шараларды орнатуға;
- б. Ядролық қаруды жою мақсатында оны Қазақстан Республикасынан алып шығуға байланысты апatty жағдайлардың салдарын жою мүмкіндіктерін көнектігепе; және в. Қазақстан Республикасында тұрған стратегиялық шабуыл қаруларын жоюға байланысты басқа да жәрдем көрсетеді.

I I - б а п

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімді жүзеге асыру үшін Атқару органын тағайындауды, Қазақстан Республикасы үшін Атқару органы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып табылады, Америка Құрама Штаттары үшін Атқару органы Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрлігі болып табылады.

I I I - б а п

1. Осы Келісімнің I-бабында баяндалған мақсаттарға қол жеткізу үшін Тараптар қажет болғанына қарай өздерінің Атқару органдары арқылы осы Келісімнің орындалғаны туралы төменде жүзеге асыру жөніндегі келісімдер деп аталатын келісімдерді жасайды.
2. Осы Келісім мен жүзеге асыру жөніндегі келісімдердің арасында алшақтық болған жағдайда осы Келісімнің ережелерінің күші басым болады.

I V - б а п

Осы Келісімнің шарттары жәрдемнің кез келген түріне, осы Келісімге немесе жүзеге асыру жөніндегі келісімдерге сәйкес жасалатын материалдық-техникалық жабдықтарды, оқытып-үйретуді және қызметтерді қоса алғанда, сондай-ақ жоғарыда аталған келісімдердің барлығының жүзеге асырылуына қатысты қызметшілердің, қызметтің және басқа да өзара келісілген жәрдемдесу бағдарламаларының барлығына қолданылады.

1. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімге сәйкес қызметті жүзеге асыруға қатысатын екінші Тараптың әскери қызметшілерінің, азаматтық мемлекеттік қызметшілерінің және мердігер қызметшілерінің өз аумағына келуі мен кетуіне тиімді түрде жәрдемдеседі.

2. Осы Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасындағы қызметке байланысты Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрлігі пайдаланатын әуе кемелері кедендей тексерулерден, кедендей баж салықтарынан, кемеге отырғаны үшін төлемдерден, навигациялық алымдардан, порт алымдарынан, жол жүру алымдарынан және Қазақстан Республикасының зандары немесе ережелеріне сәйкес мемлекеттік және жергілікті органдар алатын кез келген басқа да алым-салықтардан босатылады.

3. Егер Америка Құрама Штаттары осы Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасындағы қызметке байланысты Қазақстан Республикасына тасымалдау тұрақты авиарейстерді орындайтын коммерциялық әуе кемесі болып табылмайдын қандай да бір әуе кемесімен жүзеге асырылса, онда оның ұшу жоспары азаматтық әуе кемелері үшін қабылданған Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының рәсімдеріне сәйкес жасалады және де осы ұшу жоспарының Ескертулер бөліміне тиісті рұқсаттың алынғаны туралы растау кіргізіледі. Қазақстан Республикасы Америка Құрама Штаттарының әуе кемелеріне ақысыз тұрақ береді және оларды ақысыз құзетпен қамтамасыз етеді.

1. Егер Америка Құрама Штаттарының жазбаша келісімі күні бұрын алынбаған болса, Қазақстан Республикасы осы Келісімге сәйкес берілетін қандай да бір материалдық-техникалық жабдықтарды, көрсететін қызметтерді немесе оқытып-үйретудің нәтижесінде алынған нақты білімдерді, немесе оларға меншік құқығын Қазақстан Республикасының лауазымды адамынан, қызметкері немесе өкілінен басқа ешқандай адамға бермейді.

Қазақстан Республикасы осы Келісімге сәйкес Америка Құрама Штаттары беретін жәрдемді осындай жәрдем беру көзделген мақсаттардан басқа мақсаттарда пайдалануға жоғал бермейді.

2. Қазақстан Республикасы осы Келісімге сәйкес берілетін материалдық-техникалық жабдықтардың, оқытып-үйретудің нәтижесінде алынған мағлұматтардың, көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзіне байланысты ақылға сиятын барлық шараларды қабылдайды.

V I I - б а п

1. Тараптар бір-біріне Тараптардың әрқайсыына тиісті мүлікке келтірілген зиян үшін, Тараптардың кез келгенінің кез келген әскери қызметшісінің немесе азаматтық мемлекеттік қызметшісінің қаза болғаны үшін немесе осы Келісімге байланысты Қазақстан Республикасындағы кез келген қызметтің нәтижесінде олардың денсаулығына келтірілген зиян үшін талаптар қоймайды. Америка Құрама Штаттары мейлінше мүмкін болғанынша осы Келісімге сәйкес жүргізілетін, персоналдың мүлкіне немесе оның жоғалуына немесе персоналдың қаза болуына немесе оның денсаулығына зиян келтіретін қызметпен айналыспауды жоспарлайды.

2. Қазақстан Республикасы осы Келісімге байланысты Қазақстан Республикасындағы кез келген қызметтің нәтижесінде Америка Құрама Штаттырының азаматтары қойған талаптардан басқа үшінші тараптардың кез келген талаптырының р е т т е л у і н е ж а у а п б е р е д і .

3. Осы Баптың 1 және 2-тармақтарының Ережелері Тараптардың өз ұлттық зандарына сәйкес өтемақы беруіне кедергі келтірмейді.

V I I I - б а п

1. Осы Келісімге сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін Америка Құрама Штаттырының Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан әскери қызметшілері мен азаматтық мемлекеттік қызметшілеріне де 1961 жылдың 18 сәуіріндегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес әкімшілік-техникалық қызметшілер пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттер беріледі.

2. Осы Бапқа сәйкес Қазақстан Республикасының міндеттемелері осы Келісімнің қолданыс мерзімі ішінде және осы Келісімге сәйкес басталған қызметті аяқтауға қажетті оның қолданыс мерзімі біткеннен кейінгі мерзімде өз күшінде қалады.

I X - б а п

1. Америка Құрама Штаттары, оның әскери қызметшілері мен азаматтық мемлекеттік қызметшілері, мердігерлері мен мердігер қызметшілері осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылатын қызметке байланысты Қазақстан Республикасының зандары немесе ережелеріне сәйкес мемлекеттік және жергілікті органдар алатын кез келген салықты, баж салығын немесе сол сияқты алым-салықтарды төлеуге міндетті емес.

2. Америка Құрама Штаттары, оның әскери қызметшілері мен азаматтық мемлекеттік қызметшілері, мердігерлері мен мердігер қызметшілері Қазақстан Республикасына осы Келісімді орындауға қажетті кез келген материалдық-техникалық жабдықтарды әкеле алады. Мұндай материалдық-техникалық жабдықтар әкелуді

лицензиялауға және басқа да шектеуге, тарифтеуге, кедендік баж салықтарын, алымдарды, салықтарды немесе Қазақстан Республикасының заңдары немесе ережелеріне сәйкес мемлекеттік және жергілікті органдар алатын кез келген басқа алым-салық түрлерін салуға болмайды. Сондай материалдық-техникалық жабдықтар әкетуді де лицензиялауға, басқа да шектеуге, тарифтеуге, кедендік баж салықтарын, алымдарды, салықтарды немесе Қазақстан Республикасының заңдары мен ережелеріне сәйкес мемлекеттік және жергілікті органдар алатын кез келген басқа алым-салық түрлерін салуға болмайды. Мұндай материалдық-техникалық жабдықтарды әкелу және әкету үшін Қазақстан Республикасы оқылатылған және басымдыққа ие кедендік рәсімдерді қамтамасыз етеді.

3. Осы Бапқа сәйкес Қазақстан Республикасының міндеттемелері осы

Келісімнің қолданыс мерзімі ішінде және осы Келісімге сәйкес басталған қызметті аяқтауға қажетті оның қолданыс мерзімі біткеннен кейінгі мерзімде өз күшінде қалады.

X-бап

Осы Келісімге сәйкес Америка Құрама Штаттарының қызметі, мұндай қызмет қай жылы жүзеге асырылmasын, Америка Құрама Штаттарының заңдарына сәйкес бөлінетін қаржының болу-болмауына байланысты жүзеге асырылады.

XI-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы әскери қызметшілері мен азаматтық мемлекеттік қызметшілері өздеріне Қазақстан Республикасының заңдарын құрметтеуге міндеттеме алады.

X I I - бап

1. Егер Америка Құрама Штаттары осы Келісімді жүзеге асыру үшін құрылышты қоса алғанда, материалдық-техникалық жабдықтар сатып алуға және қызмет көрсетуге контрактілер жасайтын болса, онда мұндай контрактілер Америка Құрама Штаттарының заңдары мен ережелеріне сәйкес беріледі. Осы Келісімді жүзеге асыру үшін Америка Құрама Штаттары немесе оның атынан басқалар Қазақстан Республикасында сатып алған материалдық-техникалық жабдықтар мен қызметтерге Қазақстан Республикасының заңдары мен ережелеріне сәйкес мемлекеттік және

жергілікті органдар алатын ешқандай да алымдар, баж салықтары, қосымша салықтар немесе сол сияқты алым-салықтар салынбайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері Қазақстан Республикасының заңдары мен ережелеріне сәйкес осы Келісімді жүзеге асыру қызметіне байланысты өзінің ақшалай қаржысын пайдалана отырып, материалдық-техникалық жабдықтарға және қызмет көрсетуге ақы төлеуде Қазақстан Республикасының контрактілер жасауына кедергі к е л т і р м е й д і .

X I I I - б а п

Отыз күн бұрын жіберілген жазбаша сұрау бойынша Америка Құрама Штаттары Үкіметінің өкілдері осы Келісімнің қолданыс мерзімі ішінде және оның қолданыс мерзімі біткен соң үш жыл бойы осы Келісімге сәйкес олардың орналасқан немесе пайдаланылған жерлерінде кез келген материалдық-техникалық жабдықтарды, оқытып-үйретуді немесе көрсетілетін қызметті пайдалануды тексеруге құқылы және осы Келісімге сәйкес кез келген материалдық-техникалық жабдықтарды, оқытып-үйретуді немесе көрсетілетін қызметті пайдалануға қатысты және барлық есепті немесе құжаттарды инспекциялауға және ревизиялауға құқылы.

X I V - б а п

Осы Келісім оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және жеті жыл бойы немесе Тараптардың кез келгенінің екінші Тараптан оның осы Келісімнің қолданысын тоқтатқысы келетіні жөнінде жазбаша мәлімдемесін алғаннан кейін 90 күндік мерзім өткенше өз күшінде қалады. Осы Келісімге түзетулер енгізіле алады және оның қолданыс мерзімі Тараптардың жазбаша келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін. Осы Келісімнің немесе жүзеге асыру жөніндегі келісімдердің қолданысының тоқтатылуына қарамастан, егер Тараптардың арасында өзара басқалай жазбаша Келісім болmasa, Қазақстан Республикасының міндеттемелері осы Келісімнің VI және VII-баптарына сәйкес уақыты шектеусіз мерзімге қолданыла береді.

Қазақстан Республикасының Алматы қаласында 1993 жылы он үшінші желтоқсанда екі дана етіп, әрқайсысы қазақ және ағылшын тілдерінде жасалды, сондай-ақ екі текстің де күші бірдей. Қазақстан Республикасы Тараптар арасында қазақ және ағылшын тілдеріндегі текстпен сәйкестігін қуаттайтын ноталар алмасқаннан кейін оның да күші бірдей деп қаралатын орыс тіліндегі текстіні тапсырады.

Қазақстан Республикасы Америка Құрама Штаттары

Ү ш і н : Ү ш і н :

Бейресми аударма

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Алматыдағы Америка Құрама Штаттарының Елшілігіне өзінің құрметін растайды және Елшіліктің 2000 жылғы 1 желтоқсандағы N 1272/00 нотасына жауап ретінде төмендегілерді хабарлауды
құрметтүздеде.

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апatty жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімді ұзарту мәселесі жөнінде Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) қолданылу мерзімін 2007 жылғы 13 желтоқсанға дейін жеті жылға ұзартуға өзінің келісетіндігін білдіреді.

Министрлік, сондай-ақ осы нотаның тіркелген күнінен бастап күшінде

болатын осы нота мен Елшілік нотасының Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы көрсетілген Келісімнің ұзартылуы ретінде жүретіндігі туралы ұсыныспен келісетіндігін білдіреді.

Елшілікті өзінің жоғары құрметіне сендеруді қайта жалғастыру үшін
Министрлік осы жағдайды пайдаланады.

Астана 2000 жылғы 5 желтоқсан.

Америка Құрама
Штаттарының Елшілігі

Алматы қ.

Америка Құрама

Штаттарының Елшілігі

N 1 2 7 2 / 0 0

Америка Құрама Штаттары Елшілігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өзінің құрметін растайды және Министрліктің 2001 жылғы 20 шілдедегі N 0755/00 Нотасына сілтеме жасауды құрмет тұтады және Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасының арасындағы 1993 жылғы 13 желтоқсанда Алматыда жасалған Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырығыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімінің қолданылу мерзімін жеті жылға 2007 жылғы 13 желтоқсанға дейін ұзартуды ұсынады.

Шарттың XIV Бабына сәйкес осы Шарт 2000 жылғы 5 желтоқсанда қүшіне енген тараптардың 2000 жылғы 1 және 5 желтоқсанда дипломатиялық ноталармен алмасу жолымен 2007 жылғы 13 желтоқсанға дейін ұзартылды. 1993 жылғы 13 желтоқсандағы ұзартылған Шарт 2007 жылғы 13 желтоқсанға дейін күшінде болады.

Егер бұл ұсыныс Қазақстан Республикасының Үкіметіне қолайлы болса, Елшілік осы нота мен Министрліктің жауабы Министрліктің нотасы шыққан күнінен бастап күшінде болатын екі Үкіметтер арасындағы аталған Келісімнің жалғасуына қызмет етүін ұсынады.

Министрлікті өзінің жоғары құрметіне сендеруді қайта жалғастыру үшін Елшілік осы жағдайды пайдаланады.

Америка Құрама Штаттарының Елшілігі,
Алматы, 2001 жылғы 1 желтоқсан

Америка Құрама

Штаттарының Елшілігі

N 0 6 2 3 / 0 1

Америка Құрама Штаттары Елшілігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өзінің құрметін растайды және Министрліктің 2001 жылғы 6

маусымдағы N 10-0201/63 Нотасына сілтеме жасауды хабарлауды құрмет тұтады және
мыналарды хабарлайды:

"Континентарлық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырылғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуының алдын алу туралы" Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасының арасындағы Шарттың XIV Бабына сәйкес Шарт 1993 жылғы 13 желтоқсанда қол қойылғаннан кейін күшіне енді және ұзарту үшін шартымен жеті жыл қүшінде болды.

Шарттың XIV Бабына сәйкес осы Шарт 2000 жылғы 5 желтоқсанда күшіне енген тараптардың 2000 жылғы 1 және 5 желтоқсанда дипломатиялық ноталармен алмасу жолымен 2007 жылғы 13 желтоқсанға дейін ұзартылды. 1993 жылғы 13 желтоқсандағы ұзартылған Шарт 2007 жылғы 13 желтоқсанға дейін күшінде болады.

Егер Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Шарт жөніндегі өзінің қазіргі халықаралық міндеттемелерін орындау үшін ұлттық зандар бойынша қосымша шаралар қажет деп санаса, біз Қазақстанның Үкіметін мұндай шараларды кешіктірмей қабылдауды дәйектілікпен сұраймыз. Сонымен бір мезгілде ұлттық зандар бойынша кез келген осындай талаптар осы Шарт жөніндегі Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне ықпал

етпейтіндігін және осы міндеттемелерді орындау осы Шарт жөніндегі көмектесуді тоқтата тұруды немесе тоқтатуды талап етуі мүмкін екендігін атап көрсетеміз.

Министрлікті өзінің жоғары құрметіне сендеруді қайта жалғастыру үшін Елшілік осы жағдайды пайдаланады.

Америка Құрама Штаттарының Елшілігі,

Алматы, 2001 жылғы 2 шілде

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Елшілігіне өзінің құрметін растайды және Министрліктің 2000 жылғы 5 желтоқсандағы 20/1169 нотасы мен Елшіліктің 2000 жылғы 1 желтоқсандағы 1272/00 нотасына сілтемемен төмендегілерді хабарлауды курмет тутады.

Қазақстан тарапы аталған ноталардың Министрліктің аталған нотасының тіркелген күнінен бастап 1993 жылғы 13 желтоқсанда Алматыда жасалған Қазақстан

Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апatty жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімді ұзарту мәселесі жөнінде Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) қолданылу мерзімін 2007 жылғы 13 желтоқсанға дейін жеті жылға ұзартуы болатындығына сүйенеді.

Сонымен бірге қазақстан тарапы американ тарапын ішкі заңнамаларға сәйкес және Келісімнің Қазақстан Республикасында күшіне енуіне қажетті барлық қажетті рәсімдерді сақтау үшін қазақстан тарапына тиісті мемлекетішлік шараларды жүргізу қажет екендігі туралы хабарлағысы келеді.

Американ тарапы осы ұсыныспен келіскең жағдайда, осы нота мен

Елшіліктің жауап нотасы Қазақстан Республикасының Келісімнің Қазақстан Республикасында күшіне енуіне қажетті барлық қажетті рәсімдерді жүргізу туралы уағдаластық болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Елшілігін өзінің жоғары құрметіне сендеруді қайта жалғастыру үшін Министрлік осы жағдайды пайдаланады.

Астана 2001 жылғы 6 маусым

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.